**Автор**: ҚОҢЫРОВА МАРИНА САБЫРЖАНҚЫЗЫ
**Пән**: Физика
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Тұрақты электр тогы
**Тақырып**: Электр тогының жұмысы мен қуаты

---

| | |
|---|---|
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 8.4.2.12.-жұмыс және қуат формулаларын есептер шығаруда қолдану |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар үшін: • Электр тогының жұмысы мен қуатына түсінік бере отырып, формулаларын қорытып шығарады<br>Басым бөлігі үшін: • Жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолданады<br>Кейбір оқушылар үшін: • Тәжірибе арқылы тұрмыстық құрылғылардың шығынын есептейді. |
| Бағалау критерийі | -Электр тогының жұмысы мен қуатының формуласын біледі;<br>-Формуласын есептер шығаруда қолдана алады;<br>-Тәжірибе арқылы тұрмыстық құрылғыларды электр шығынын есептеп , салыстырады. |
| Тілдік мақсаттар | Физикалық шамаға ауызша және жазбаша сипаттама бере алады. Пәнге қатысты лексика мен терминология Жұмыс, қуат,1Вт, 1Дж; Диалог үшін пайдалы сөз тіркестері Электр тогының жұмысын сипаттау үшін ... Қуатты табу үшін ... |
| Құндылықтарға баулу | Еңбек өнімділігін арттыруда, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, Энергетикада қуатты құрылғыларды қолдану арқылы жұмыстан ұтыс алуға үйрету. Тұрмыстық техника сатып алуда алған білімдерін қолдануға баулу. |
| Пәнаралық байланыс | Математика-есептер шығаруда амалдар қолдану. Информатика-ақпарат алу. Биология-адам организміндегі бұлшық ет жұмыстары. Дене шынықтыру-буын, бұлшық ет жұмыстары. |
| Алдыңғы білім | Ток күші,кернеу,кедергі,өткізгіштерді жалғау тәсілдері ұғымын біледі,мағынасын түсінеді. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (10 минут) | «Ой қозғау»әдісі Тұрмыста қандай құрылғыларды қолданамыз? (оқушылар өз жауаптарын береді. Мысалы, шаңсорғыш, кір машинасы, үтік т.с.с)<br>Топқа бөлу: «Тұрмыстық құрылғылар» арқылы топқа бөлінеді. Суретте шаңсорғыш, үтік, кір магинасы бейнеленген Ширату жаттығуы: «Сәйкестендіру» кестесі<br>Физикалық шамалар<br>Атауы Формуласы Өлшем бірлігі<br>Ом заңы I=q/t Вт<br>Ток күші U=A/q A<br>Қуат I=U/R B<br>Кернеу P=A/t A<br>«Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды | 5e455ab2414fd.png Image not found or type unknown<br>5e455abe5ccc8.png Image not found or type unknown<br>5e455aca08853.png Image not found or type unknown<br>5e455addef05a.png Image not found or type unknown |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(25 минут) | • Тапсырма-1. «Кластер» әдіс бойынша ассоциация береді<br><br>Қуат Жұмыс<br><br>апсырма-2. «Айналмалы бекет» әдісі арқылы есептер беріледі. 1-есеп:Қуаты 25 Вт токтың 10 минут ішінде жасайтын жұмысын табыңдар? 2-есеп:Электрлік құралда 5 А ток күші 45 минут уақыт ішінде 162 кДж жұмыс жасайды.Осы құралдың кедергісін табыңдар? 3-есеп:Жүк шығырын айналдыратын электрқоз-ғалтқышы 9120 Дж-ге тең жұмыс атқарады. 4А ток күшінде 24 Кл заряд өткендегі электромо- тордың қуатын табыңдар? Тапсырма-3 .« Физикалық эстафата» 3.1. 1-шамның кедергісі мен қуатын,2-шамдағы ток күші мен қуатты және 3-шамдағы ток күші мен кедергіні есептеңдер.<br>5e455bab4b9c7.png<br><br>Image not found or type unknown<br>3.2.Кейбір электр аспаптарының қуаты бойынша 30 минут ішінде істейтін жұмысын табыңдар.<br>5e455bdfe8e63.png<br><br>Image not found or type unknown<br>Бағалау критерийі Дескриптор<br>-қысымның формуласына есептер шығарады;<br>-есептің шартын жазады;<br>-формуланы түрлендіріп қолдана алады;<br>-есептеулер жүргізе алады. | |
| Сабақтың соңы<br>(5 минут) | Кері байланыс: «Рефлекция» («Білімағашы» )<br>5e455e530198b.png<br><br>Image not found or type unknown<br>Бағалау парағы:<br><br>А.Т.Ә Мағынаны тану Топтық жұмыс Жұптық жұмыс Ашық сұрақтар | 5e455eb120a9f.png<br><br>Image not found or type unknown |